

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі  
Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы  
«№ 10 Шу колледжі»  
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны**



**«№ 10 Шу колледжі»  
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының  
өзін-өзі бағалау  
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

**Шу 2023 жыл**

**«№ 10 Шу колледжі»  
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының  
өзін-өзі бағалау  
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Шу қаласы

«31»қараша 2023жыл

**1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы:**

1) Білім беру ұйымының толық атауы:

**Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «№ 10 Шу колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны**

2) Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жерінің мекен-жайы):

**заңды мекен-жайы:** 080100, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Шу ауданы, Шу қаласы, Айнакөл көшесі № 25 үй

**нақты орналасқан жерінің мекен-жайы:** 080100, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Шу ауданы, Шу қаласы, Айнакөл көшесі № 25 үй

3) Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт):

Телефон: 87263832742

электронды пошта [shupl\\_10kolledzh@mail.kz](mailto:shupl_10kolledzh@mail.kz) , [shupl\\_10@mail.ru](mailto:shupl_10@mail.ru)

web-сайт: <http://shu-college.edu.kz/>

4) Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрық):

Колледж директоры: Мусаева Токжан Тохтарбаевна

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы № 66 ж/қ 2015жылдың 21 қазаны жұмысқа тағайындау туралы бұйрығы

5) Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны және жарғыны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтама/куәлік):

Заңды тұлғаны қайта тіркеу туралы анықтама, 01 тамыз 2012 жылғы, БСН 080240017661, алғашқы мемлекет тіркеу күні 16 ақпан 2008 жыл

Жарғысы Жамбыл облысы әкімдігінің 2018 жылғы 24 қазандағы № 204 қаулысымен бекітілген

6) Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметімен айналысуға берілген лицензия және қосымшасы):

№ 10 Шу колледжінің ұжымы білім беру қызметімен айналысуға «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Жамбыл облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесінің 2021 жылғы 19 сәуір № KZ26BFA00143548 лицензиясы

**Білім беру қызметімен айналысу үшін лицензияға қосымша:**

| Код      | Мамандық атауы                    | Код        | Біліктілігі  | Лицензия қосымша нөмірі |
|----------|-----------------------------------|------------|--|-------------------------|
| 07161600 | Ауыл шаруашылығын механикаландыру | 3W07161603 | Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторист – машинисі | <b>010</b>              |
|          |                                   | 3W07161601 | Жөндеуші- слесарь                                  | <b>012</b>              |
| 10130300 | Тамақтандыруды ұйымдастыру        | 3W10130302 | Аспазшы  | <b>011</b>              |
|          |                                   | 3W10130301 | Кондитер - безендіруші                             |                         |

|          |  |            |  |            |
|----------|--|------------|--|------------|
| 07160500 | Темір жолдың жылжымалы құрамын пайдалану ,жөндеу және техникалық қызмет көрсету»                             | 3W07160501 | Локомотив машинисының көмекшісі ( түрлері бойынша) | <b>010</b> |
| 07160600 | Темір жолдың вагондар мен рефрижераторлы жылжымалы құрамын пайдалану , жөндеу және техникалық қызмет көрсету | 3W07160601 | Вагон жөндеу слесары                               | <b>010</b> |
| 07150500 | Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)   | 3W07150501 | Электргазымен дәнекерлеуші                         | <b>010</b> |
| 07230100 | Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу  | 3W07230101 | Тігінші  | <b>014</b> |
| 07210300 | Нан пісіру,макарон және кондитер өндірісі  | 3W07210303 | Наубайшы   | <b>013</b> |
| 10120100 | Шаштараз өнері   | 3W10120101 | Шаштараз стилисті                                  | <b>015</b> |

### 1.1. Колледждің құрылымы және материалдық -техникалық базасы

Оқу орнының құрылымы Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2013 жылдың 17-ші мамырдағы № 499 қаулысымен бекітілген«Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгі» негізінде және тектес мамандықтар мен арнайы, жалпы білім беретін пәндердің ерекшеліктерін ескеріп, 2022 жылғы 31 тамызда педагогикалық кеңестің шешімімен Шу колледжінің құрылымы бекітілді.

Оқу пәндері ерекшеліктері негізінде төмендегі аталған 3 әдістемелік бірлестіктері құрылып, жұмыс істеді.

- Жалпы пән бірлестігі
- Арнайы пән бірлестігі
- Өндірістік оқыту шеберлерінің бірлестігі

Сонымен қатар студент контингентінің қозғалысын, сынақ-емтихандар мен аралық аттестацияларды уақытында өткізілуін, студенттердің үлгерімі мен оқу сабақтарға қатысуын қадағалауды және оқу үрдісі бойынша жүргізілген іс-шаралардың тиімді ұйымдастырылып жүргізілуін бақылауды, білім алушылардың жеке іс-қағаздарын уақытында толтырып, жүргізілуін қамтамасыз ету колледждің жылдық жоспарына сай жүргізілуде.

Оқытушылардың біліктілігін көтеруде жүргізілетін оқу пәндерінің оқу-әдістемелік кешендік құжаттармен қамтылуын және тәлімгерлік жұмыстарды өз деңгейінде жүргізілуін қамтамасыз етуде әдістемелік кабинет жұмыс істеді.

Студенттер арасында оқу - тәрбие, мәдени - көпшілік және тәртіп бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын тиімді жүргізу мақсатында әр түрлі комиссиялар мен кеңестер құрылған. Колледждің материалдық-техникалық базасы Жамбыл облысы, Шу ауданы, Шу қаласы, Айнакөл көшесі № 25 үй ғимаратында орналасқан.

Оқу ғимараты мен нысандардың жалпы аумағы мен сыйымдылығы №1 кестеде және қосымшада көрсетілген.

#### Айнакөл 25 Кесте №1.

| № р/с | Бөлімшелер аты | Саны | Ауданы (м <sup>2</sup> ) | Бірмезгілдік сыйымдылығы |
|-------|----------------|------|--------------------------|--------------------------|
| 1     | Оқу корпусы    | 1    | 2312,3                   | 480                      |
| 2     | Жатақхана      | 1    | 1376,9                   | 100                      |
| 3     | Кітапхана      | 1    | 90                       | 25                       |

|   |                               |   |        |     |
|---|-------------------------------|---|--------|-----|
| 4 | Акт залы                      | 1 | 110,80 | 100 |
| 5 | Асхана                        | 1 | 424    | 100 |
| 6 | Шеберхана                     | 6 | 401,5  | 25  |
| 7 | Медкабинет                    | 1 | 22,5   |     |
| 8 | Спорт зал                     | 1 | 270,20 | 100 |
| 9 | Өндірістік жабық алаң (Ангар) | 1 | 180    |     |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтарда бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің типтік штаты» туралы №77 қаулысына сәйкес колледж штаты бекітілген.

Бүгінгі күні 101 адам қызмет істейді. Оның ішінде:


- Әкімшілік қызметкерлер - 24
- Оқытушылар - 23
- Оқу –өндірістік шеберлер - 28
- Шаруашылық қызметкерлері - 22
- Бала күтімінде - 4

## 1.2. Оқытушылардың сандық және сапалық құрамы


Колледждегі педагог қызметкерлердің 2022-2023 оқу жылында саны - 48 педагог; оның ішінде жоғарғы -4, бірінші – 12 санатты, педагог-сарапшы -4, екінші санатты-13,санатсыз педагогтар -15, сапалық көрсеткіші - 42 пайызды құрайды. Магистр -1.

| №  | Жалпы педагог саны | Жоғары санатты | пайыз | Бірінші санатты | пайыз | Екінші санатты | пайыз | Санаты жоқ | пайыз |
|--|--------------------|----------------|-------|-----------------|-------|----------------|-------|------------|-------|
| 2022-2023 оқу жылындағы сапалық көрсеткіші |                    |                |       |                 |       |                |       |            |       |
| 1  | 48                 | 4              | 8,3%  | 16              | 33%   | 13             | 27%   | 15         | 31%   |

### Колледждегі педагог қызметкерлердің 2022-2023 оқу жылында саны мен құрамының мониторингі



## Колледждегі педагог қызметкерлердің саны мен құрамының мониторингі



## ОҚУ - ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАР

### 2.1. Оқу жұмысы

2022-2023 оқу жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидалары негізінде ұйымдастырылды.

Сонымен қатар мамандықтарға байланысты және арнайы оқу пәндері негізінде оқу жылының басында 3 әдістемелік бірлестік құрылды.

- Жалпы пән бірлестігі
- Арнайы пән бірлестігі
- Өндірістік оқыту шеберлерінің бірлестігі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 бұйрығымен бекітілген Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидалары басшылыққа ала отырып әдістемелік кабинет және әдістемелік бірлестіктердің жұмыстары ұйымдастырылды.

Академиялық дербестік аясында және оқу үрдісі оқыту нәтижеге бағыттауға байланысты 2022-2023 оқу жылында келесі жұмыстар атқарылды:

- World Skills және кәсіптік стандарттар басшылыққа ала отырып кәсіптік модульдер бойынша жұмыс бағдарламалар әзірлеу,
- Критериалдық бағалауда пайдалынатын бақылау тапсырмаларды әзірлеу,
- модульдерді әдістемелік қамтамасыз ету үшін технологиялық карталар бекіту,
- критериалдық бағалаудың бақылау кестелер бекіту,
- аралық аттестаттауға арналған тапсырмаларды бекіту,
- оқу сабақтардың сапасын арттыру мақсатында өз ара сабақтарға қатысу кестесін бекіту және талдау жүргізу,
- білім алушылардың қосымша дағдылардың дамыту мақсатында техникалық үйірмелердің жұмыстар ұйымдастыру.
- Педагогикалық қызметте студенттерді даярлау сапасын арттыруға ықпал ететін инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану бойынша колледж оқытушысының

тәжірибесін жинақтау мақсатында оқытушылардың біліктілігін арттыру курстарынан өту жоспары жасалды.

- Колледж студенттерін кәсіптік тәрбиелеудің тиімділігін арттыру мақсатында оқытушылар құрамы арасында кәсіптік тәрбиеге арналған кеңестер, семинарлар, конференциялар өткізу жоспары әзірленді.

Оқу үрдісінің кестесінде барлық мамандықтар бойынша, аралық аттестациялардың мерзімдері бекітілген (сынақ-емтихандық сессиялар).

Колледжiнiң iшкi тәртіп ережелерін негiзiнде ағымды бақылау төмендегiдей жүргiзiледi:

- Зертханалық-тәжірибелiк сабақтарда тапсырмаларды орындау және қорғау,
- Бағалау өлшемдерге арналған бағалау тапсырмалар орындау
- Коллоквиум жүргiзу,
- Сұрақтарға жауап беру,
- Жазбаша жұмыстар (эссе, салыстырмалы кестелер және тб)
- Iскерлiк ойындар

Шектiк аттестацияның қорытындысы, бiлiмгерлердiң оқу үлгерiмi мен сапасы директордың жанындағы кеңесте қаралып, тиiстi шешiмдер қабылдануда, қосымша сабақтардың кестесi жасалынып, қайта тапсыруда. Қабылданған шешiмдердiң тиiмдi орындалуын қамтамасыз ету үшiн нақты iс-шаралар жасалынды және колледжiшiлiк барлық деңгейде қадағаланып отырды.

2022-2023 оқу жылында бiтiрушi түлектер 6 мамандық бойынша 30 студент демонстрациялық емтихан тапсыруға жiберiлдi.

| № | Мамандық атауы  | Бiлiктiлiк атауы                       | Қатысатын студенттердiң саны | Ескерту   |
|---|---|--|------------------------------|---|
| 1 | 1504000 Ферма шаруашылығы   | 1504102 Жөндеушi-дәнекерлеушi          | 5                            | <a href="https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid0aEi4MEgfz4DYvEQD6G6AHikax2FPcG7a7PkrQnvL9JfzzUPjCjzuvpSurpMaDphKl&amp;id=100029719652262">https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid0aEi4MEgfz4DYvEQD6G6AHikax2FPcG7a7PkrQnvL9JfzzUPjCjzuvpSurpMaDphKl&amp;id=100029719652262</a>   |
| 2 | 1114000 Дәнекерлеу iсi  | 1114042 Электргазбен дәнекерлеушi      | 5                            | <a href="https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid0CK4nyNYv3qZf6gwdq5KL58XHxonSSVXNxrAMMSyRTMYBAxP4hokYxKH9eR8DDPyUl&amp;id=100029719652262">https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid0CK4nyNYv3qZf6gwdq5KL58XHxonSSVXNxrAMMSyRTMYBAxP4hokYxKH9eR8DDPyUl&amp;id=100029719652262</a>   |
| 3 | 1108000 Темір жол жылжымалы құрамдарын пайдалану және техникалық қызмет көрсету | 1108062 Тепловоз машинисiнiң көмекшiсi | 5                            | <a href="https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid02ZWDyXwZ5aSHLNf11owx5HjLVfP1hoVLBRgW7sq3x7dQc5LH7dkRb7D6z2hLAMzQyl&amp;id=100029719652262">https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid02ZWDyXwZ5aSHLNf11owx5HjLVfP1hoVLBRgW7sq3x7dQc5LH7dkRb7D6z2hLAMzQyl&amp;id=100029719652262</a> |
| 4 | 1211000 Тiгiн өндiрiсi және киiмдердi үлгiлеу                                   | 1211032 Тiгiншi                        | 5                            | <a href="https://www.facebook.com/100029719652262/videos/">https://www.facebook.com/100029719652262/videos/</a>   |

|   |  |                                |           |   |
|---|--|--------------------------------|-----------|---|
|   |  |                                |           | <a href="https://www.facebook.com/702932071636929?locale=ru_RU">702932071636929?<br/>locale=ru_RU</a>   |
| 5 | 0508000<br>Тамақтандыруды<br>ұйымдастыру           | 0508022 Кондитер               | 5         | <a href="https://www.facebook.com/100029719652262/videos/666470898627744?locale=ru_RU">https://<br/>www.facebook.com/<br/>100029719652262/videos/<br/>666470898627744?<br/>locale=ru_RU</a>   |
| 6 | 0506000 Шаштараз<br>өнері және сәндік<br>косметика | 0506012 Шаштараз -<br>модельер | 5         | <a href="https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid02AS5DTtRg6uMyLM4LzvifSWTwxCY68nZiW5z6gRE9jE84Xkm6VHUhtuidhpn1zgXl&amp;id=100029719652262">https://<br/>www.facebook.com/<br/>permalink.php?<br/>story_fbid=pfbid02AS5DTt<br/>Rg6uMyLM4LzvifSWTkw<br/>xCY68nZiW5z6gRE9jE84<br/>Xkm6VHUhtuidhpn1zgXl<br/>&amp;id=100029719652262</a> |
|   | <b>Барлығы:</b>                                    |                                | <b>30</b> |   |

31.08.2023 ж жағдайына мамандық бойынша контингент

2022-2023 оқу жылының басында, яғни 2022 жылдың 1 қазанына күндізгі бөлім бойынша білім алушы санын- 379, оның ішінде 9 сынып негізінде 372, 11 сынып ақылы негізінде -7 білімгер.

|    |                               |     | 9 сынып | 11 сынып |
|----|-------------------------------|-----|---------|----------|
| 1  | Оқу жылы басына оқушылар саны | 379 | 372     | 7        |
| 2  | ер жынысты                    | 269 | 262     | 7        |
| 3  | әйел жынысты                  | 110 | 110     | -        |
| 4  | Қабылданды                    | 126 | 126     | -        |
| 5  | ер жынысты                    | 98  | 98      | -        |
| 6  | әйел жынысты                  | 28  | 28      | -        |
| 7  | Өткен оқу жылы ішінде келгені | 14  | 14      | -        |
| 8  | ер жынысты                    |     |         | -        |
| 9  | әйел жынысты                  |     |         | -        |
| 10 | Өткен оқу жылы ішінде кеткені | 31  | 31      | -        |
| 11 | ер жынысты                    |     |         | -        |
| 12 | әйел жынысты                  |     |         | -        |
| 13 | Бітірген оқушылар             | 142 | 142     | -        |
| 14 | ер жынысты                    | 90  | 90      | -        |
| 15 | әйел жынысты                  | 52  | 52      | -        |
|    |                               |     |         |          |

|  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|
|  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|

Мемлекеттік тапсырыс негізінде 9 сынып- 372 білімгер, ақылы негізінде – 7 білімгер білім алуда

|                 | 1 курс | 2 курс | 3 курс |   | барлығы |
|-----------------|--------|--------|--------|---|---------|
| 9 сынып         | 126    | 109    | 137    | 0 | 172     |
| Ақылы негізінде |        | 7      | 0      | 0 | 7       |

| № | Күндізгі бөлім   |            |            |            |           |            |
|---|--|------------|------------|------------|-----------|------------|
|   | Мамандық атауы   | 1-курс     | 2-курс     | 3-курс     | Ақылы топ | Барлығы    |
| 1 | 07161600 Ауыл шаруашылығын механикаландыру<br>3W07161603 - Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторист – машинисі<br>3W07161601 - Жөндеуші- слесарь              | 20         | 20         | 19         |           | 59         |
| 2 | 07160500 Темір жолдың жылжымалы құрамын пайдалану ,жөндеу және техникалық қызмет көрсету»<br>3W07160501 – Локомотив машинисының көмекшісі ( түрлері бойынша) | 20         | 25         | 22         | 19        | 86         |
| 3 | 07160600 Темір жолдың вагондар мен рефрижераторлы жылжымалы құрамын пайдалану , жөндеу және техникалық қызмет көрсету<br>3W07160601- Вагон жөндеу слесары    | 0          | 20         | 0          |           | 20         |
| 4 | 10130300 «Тамақтандыруды ұйымдастыру»<br>3W10130302 - Аспазшы<br>3W10130301 -Кондитер -безендіруші   | 20         | 23         | 20         |           | 63         |
| 5 | 07150500 «Дәнекерлеу ісі» (түрлері бойынша)<br>3W07150501 - Электргазымен дәнекерлеуші   | 25         | 25         | 0          |           | 50         |
| 6 | 07210300 «Нан пісіру,макарон және кондитер өндірісі»<br>3W07210303 - Наубайшы  | 12         | 0          | 22         |           | 34         |
| 7 | <b>07230100</b> «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу»<br>3W07230101 - Тігінші  | 15         | 13         | 0          |           | 28         |
| 8 | 10120100 « Шаштараз өнері», 3W10120101- Шаштараз стилисті  | 20         | 0          | 18         |           | 38         |
|   | <b>Барлығы:</b>  | <b>132</b> | <b>126</b> | <b>101</b> |           | <b>378</b> |

### Білім беру бағдарламалар туралы

Колледжде өндіріс орындары мен академиялық оқу процесі арасындағы қарым-қатынасты жүйелі жолға қою, өндіріс талаптарына сай білім беру бағдарламаларын өзектендіруді қолдау мақсатында колледж директоры 2021 жылғы 31 тамыздағы № 74



бұйрығымен индустриалдық кеңес құрамы бекітілген. Кеңестің құрамына жұмыс берушілер, әкімшілік қызметкерлері, педагогтар, студенттері және колледж түлектері кірді. 2022-2023 оқу жылына жоспарланған қабылдау бойынша мамандықтардың төлқұжаттар жұмыс берушілердің қатысуымен, кәсіптік стандарттар (болған жағдайында), WorldSkills кәсіптік стандарттары (болған жағдайында) талаптарының негізінде әзірленді. Білім беру бағдарламалары индустриалдық кеңесте қаралып, мазмұнына тиісті ұсыныстар берілген. Білім беру паспорты KEAҚ «TALAP» сайтында 6 мамандық бойынша тіркелген.

| №  | Мамандықтар коды мен атауы   | ББ ізірленуге қатысқан жұмыс берушілердің атауы           | Кәсіптік стандарттар атауы  | WorldSkills кәсіптік стандарттары  |
|----|--|---|---|--|
| 1. | 07161600 Ауыл шаруашылығын механикаландыру   | "Qizulsha zher" ЖШС, "Табыс-Шу - 2016" АӨК, "Қондыбай" ЖК | "Бағбандық қызмет" кәсіптік стандарты, "Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 11.12.2015 ж. № 339 бұйрығына 15-қосымша                                       | Дизельді қозғалтқыштарды жөндеу және қызмет көрсету. Жеңіл автокөлікті жөндеу, пайдалану және қызмет көрсету |
| 2. | 10130300 - Тамақтандыруды ұйымдастыру  | "Сұлтан палас" ЖК, "Құралай" ЖК                           | Қазақстан Республикасы "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма төрағасы орынбасарының 2018 жылғы 22 қазанындағы №284 бұйрығына 2 - қосымша ""Тамақтандыруды ұйымдастыру""                                | Аспаздық ісі   |
| 3. | 07160500 Темір жолдың жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету | "Қамқор" Локомотив ЖШС                                    | Қазақстан Республикасы "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма төрағасы орынбасарының 2019 жылғы 18 желтоқсанның №28 бұйрығына 19- қосымша ""Локомотивтер мен моторвагонды жылжымалы құрамды пайдалану"" | Жоқ  |
| 4. | 07160600 Темір жолдың вагондар мен рефрижераторлы жылжымалы құрамын пайдалану,           | "Қамқор" Локомотив ЖШС                                    | Қазақстан Республикасы "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма төрағасы орынбасарының 2019 жылғы 20 желтоқсанындағы № 256 бұйрығына 11 - қосымша   | жоқ  |

|    |  |   |  |  |
|----|--|---|--|--|
|    | жөндеу және техникалық қызмет көрсету          |   | ""Жүк вагондарын техникалық пайдалану ,техникалық қызмет көрсету және жөндеу( станция деңгейі )""  |  |
| 5. | 07150500 Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша )     | "Темір жол жөндеу" ЖШС                          | Қазақстан Республикасының "Атамекен" Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының Басқарма Төрағасы орынбасарының 30.12.2019 ж. № 269 бұйрығына № 15 қосымша "Қол доғалы дәнекерлеу", №18 қосымша " Газбен дәнекерлеу" | Дәнекерлеу технологиясы  |
| 6. | 07230100 Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу | "Нурбаева"ЖК , "Военторг" АТҚ, "Байманасова" ЖК | "Тігін өндірісі" Қазақстан Республикасының "Атамекен" Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы 19.12.2018 ж. № 345 бұйрығына № 2- қосымша   | WSOS стандарты (кәсіптік стандарттар WorldSkills (WSOS) WSC2022_WSOS31 сән технологиясы) "Сән технология лары" құзыреттілігі |

1 «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасы орынбасарының бұйрығымен бекітілген кәсіптік стандарттары. (<https://atameken.kz/ru/services/16-professionalnyye-standarty-i-tsentry-sertifikatsii-nsk>)

2. World Skills стандарты ([https://worldskills.kz/?page\\_id=1882](https://worldskills.kz/?page_id=1882))

Осы мамандықтар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын» басшылыққа ала отырып, жұмысшы мамандықтарын даярлауда білім беру бағдарламасының мазмұны 180 кредит көлемінде айқындалды.

## 2.2. Әдістемелік жұмыстар

2022-2023 оқу жылында 3 әдістемелік бірлестік жұмыс жүргізді.

Колледж құрылымына келесі әдістемелік бірлестіктер кіреді:

- Жалпы пән бірлестігі
- Арнайы пән бірлестігі
- Өндірістік оқыту шеберлерінің бірлестігі

Барлық мамандықтар бойынша оқу пәндерінің жұмыс бағдарламалары модульдік жүйеге ауыстырылып, студенттердің білімі модульдік-рейтингтік негізде шектік, аралық және қорытынды аттестациялары арқылы тексеріліп, оқу сапасының мониторингі жасалынды. Әдістемелік бірлестіктер апталықтарды, пәндік олимпиадалар, байқаулар, ғылыми-тәжірибелік педагогтардың конференцияларын, студенттердің ғылыми ізденіс жұмыстары бойынша конференциялар өткізілді.

### 2.2.1. ЦӘК-тер бойынша әдістемелік кабинеттің сараптамасы

«Жалпы пәндер» ӘБ жетекшісі Ш.Рахимбаева. ӘБ-те жалпы 12 педагог бар. ӘБ бойынша 2-сарапшы, 2-жоғары санат, I санатты-5, 2-жас маман бар. ӘБ оқу жылында апталық және пәндер бойынша олимпиадалар өткізді. Апталықтар мен олимпиадаларға студенттер мен педагогтары белсене қатысты. Апталық кезінде болған іс-шараларға студенттер толық қатысып, өткізілген әр іс-шаралары қызықты болып өтті, құжаттары жинақталып, хаттамалары толтырылған. ӘБ педагогтары кесте бойынша ашық сабақтарын өткізді.

10 қараша күні «Білім баға жетпес байлық» атты тақырыпта жалпы пәндер оқытушылары

колледждің акт залында ашылуын өткізді.

10 қараша күні география пәнінің оқытушысы А.Андакулова «Ғаламдық экологиялық мәселелерді шешудегі әлемдік тәжірибе және ғылыми-техникалық прогресс. Қазақстанның экологиялық мәселелерін шешу жолдарын ұсыну» тақырыбында 22/6 топпен ашық сабақ өтті. 3 топқа бөліп, түртіп алу стратегиясын, постер қорғау, «Егер мен...» эколог болсам тақырыбына эссе жаздыртты.

11 қараша күні химия пәнінің оқытушысы Б.Абдубаитова мен физика пәнінің оқытушысы Ш.Рахимбаева «Физика, химия әлеміне саяхат» сыныптан тыс іс-шара өткізді. Сәлем сөздің анасы бөлімінде топтар топтың атауын, ұранын айтып, Бәйге кезеңінің сұрақтарына жауап берді. Полиглот кезеңінде қойылған сұрақтың жауабын орыс және ағылшын тіліне аударды. «Ойлан тап» кезеңі бойынша физика, химия, ғалымдар тоғысындағы ұяшықтардағы сұрақтардың орналасу реті бойынша жауап айтып, «Көкпар» кезеңіне өтіп, жеңімпаздар анықталды.

14 қараша күні қазақ тілі пәнінің оқытушысы З.Устаева «Ақпараттық коммуникациялық жаһандану. Адамзат дамуының жаһандық мәселелері» 22/3 тобымен ашық сабақ өтті. Осы сабақтағы ең сәтті көрініс «Ел ағаларына хат» деген бөлімде студенттер ел ағаларына айтқан проблемалары мен ашық ойларын жеткізді.

15 қараша күні дене тәрбиесі пәнінің оқытушысы Е.Нашарбеков 203 топпен «Баскетбол серіктесіп алып жүру, әдіс-тәсілін үйрету. Екі жақты ойын» атты тақырыпта сабақ өтті. Сергіту сәтін жасатып, кедергіден өту, допты себетке салу бойынша техникалық ережелерін түсіндірді. 3 топқа бөліп баскетбол ойынын ойнатты.

15 қараша күні алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушысы, дене тәрбиесі пәндерінің оқытушылары 1 курс студенттері арасында «Толағай» спорттық ойынын өткізді.

16 қараша күні физика пәнінің оқытушысы Ш.Рахимбаева «Электр өрісінің кернеулік векторларының ағыны» атты тақырыпта 22/3 топпен ашық сабақ өтті. Үй тапсырмасы кім тапқыр әдісімен сұралды, жұмбақ тас арқылы топты 3 топқа бөлді. Білу және түсіну арқылы жаңа сабақ түсіндіріліп, Өрмекші, есепке кім жүйрік арқылы физикалық есептер шығарылды.

17 қараша күні химия пәнінің оқытушысы Б.Абдубаитова 22/6 топпен «Химиялық тепе-теңдік» бойынша ашық сабақ өтті. Сергіту сәтінде химияға байланысты жұмбақтар шешіліп, табысты старт, көршіңмен талқыла, көңіл күйімнің диаграммасы арқылы 3 топтың ойы қорытындыланды.

18 қараша күні орыс тілі пәнінің оқытушысы Г.Шалбаева 22/6 топпен «Собаچه сердце» деген тақырыпта ашық сабақ өтті.

18 қараша күні тіл мамандары «Тіл- рухани байлық» атты тақырыпта 1 курс студенттерімен сыныптан тыс іс-шара ұйымдастырды.

21 қараша күні ағылшын тілі пәнінің оқытушысы А.Монтыбай 22/6 топпен «Present Simple» тақырыпта ашық сабақ өтті. Ережеге сай тапсырмаларын орындатты.

22 қараша күні дене тәрбиесі пәнінің оқытушысы А.Махамадиева 22/1 топпен «Баскетбол добын алып жүру, әдіс-тәсілін үйрету. Екі жақты ойын» атты тақырыпта ашық сабақ өтті. Қауіпсіздік ережесі түсіндіріліп, денені қыздыру жаттығулары жасалып, 3 топқа бөліп баскетбол ойынын ойнатты.

22 қараша күні А.Андакулова мен Р.Толашева «Бақыттың кілті-білімде» география мен биология пәнінен сыныптан тыс іс-шара өткізді. 5 кезеңде өткізілген іс-шарада топтар өзін-өзі таныстыру, зымыран, қара жәшік, егер мен, географиялық ассоциация деген бөлімдерді қамтыды. Тартысты ойында 3 топ өз белсенділіктерін танытты.

23 қараша күні тарих пәні оқытушысы М.Медетбекова 22/6 «Адамның пайда болу теориясы» бойынша ашық сабақ өтті.

24 қараша күні алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушысы Н.Рзашбеков 22/4 топпен «Тыныс алу мүшелерін қорғау құралдары» атты тақырыпта ашық сабақ өтті. Тыныс алу мүшелері туралы тәжірибе жүзінде көрсетіп, студенттер тыныс алу мүшелерін өмірде қалай қолдану керектігіне тәжірибе жасады.

25 қараша күні биология пәнінің оқытушысы Р.Толашева 22/6 «Адам гемоглобині мен миоглобинінің құрылысы мен қызметі» деген тақырыпта ашық сабақ өтті.

«Арнайы пәндер» ӘБ жетекшісі Т.Кульжанисов. ӘБ-те 12 педагог бар. ӘБ бойынша жоғары санатты-1, I санатты-1, II санатты-3 1 – педагог- сарапшы, 1- екінші санатты. ӘБ педагогтары кесте бойынша ашық сабақтарын өткізді.

Арнайы пәндер апталығы желтоқсанның 5 күні «Ел болашағы-білімді ұрпақ» атты тақырыпта апталықтың ашылуын өткізді.

6 желтоқсан күні арнайы пән оқытушысы Н.Мықтыбек 212 топпен «Шәрбат дайындау» атты тақырыпта ашық сабақ өтті.Студенттерге сары деңгей,көк деңгей, қызыл деңгей тапсырмаларды, венн диаграммасы,кері байланыс әдістерін пайдаланды.

7 желтоқсан күні арнайы пән оқытушысы Т.Омарова «Нан пісіру өндірісіндегі қосымша шикізат көздері» атты тақырыпта 212 топпен сабағын өткізді.Сабақ барысында ыстық орындық, қателеспе, рефлексия арқылы кері байланыс жасап, шығармашылық жұмыстарды орындата білді.

8 желтоқсан күні арнайы пән оқытушысы Х.Байрамова сыныптан тыс «Алтын қақпа» интеллектуалды ойынын II-III курс студенттерімен өткізді.Сөз тапқанға қолқа жоқ, Ұяшықтар сыры, Кім жылдам бөлімдерінде студенттер өз белсенділіктерін танытты.

9 желтоқсан күні арнайы пән оқытушысы Қ.Жасыбаева 205 топпен «Өнімдерді безендіруге арналған шоколад» атты тақырыпта сабақ өтті.Сөздердің шашырауы әдісі арқылы топты 2 бөлді.сабақта қысқа жауап,бағдаршам әдістерін қолданды.

9 желтоқсан күні арнайы пән оқытушысы Т.Кульжанисов 201 топпен «Жүзден жүйрік» интеллектуалды ойынын өткізді. Жедел жауап,Тіл өнер, Сандар сөйлейді,Мықты болсаң, тауып көр кезеңдерін қамтып,студенттердің қызықты жауаптарымен қорытындыланды.

12 желтоқсан күні арнайы пән оқытушысы Т.Кульжанисов 201 топпен «Трансмиссияның негізгі бөліктеріне техникалық қызмет көрсету» атты тақырыпта ашық сабақ өтті.Жұптасып-ойлан-бөліс, Жадыны дамытуға арналған ойын,Тыңдап отырған үштік әдістерін пайдаланып, студенттерді қызықтыра білді.

12 желтоқсан күні арнайы пән оқытушысы А.Оспанбеков 202 топпен «Газбен дәнекерлеу жабдықтары және олармен жұмыс жасау» атты тақырыпта ашық сабақ өтті.Ақылдың алты қалпағы, аяқталмай қалған диктант әдісін сабақта пайдаланды.

13 желтоқсан күні арнайы пән оқытушысы К.Устемирова 212 топпен «Жартылай фабрикаттар» деген тақырыпта сабақ өткізді.Топты 2 топқа бөлді.Сұрақтар қою арқылы үй тапсырмасын пысықтады.Жаңа сабақты түсіндіріп, студенттер жауаптарын толықтырды.

13 желтоқсан күні арнайы пән оқытушысыП.Джумабаева 203 топпен «Тепловоз және станцияларға саяхат» атты тақырыпта ашық сабақ өтті.Студенттерді Экспресс,Дизель деп 2 топқа бөлді.Сабақ жарыс түрінде өткізілді.Таныстыру, нұсқау, тарих,техникалық, филологиялық бөлімдерде студенттердің жауабы 1-5 балл аралығында бағаланды.Қызықты әрі тартысқа толы сабақ болды.

14 желтоқсан күні арнайы пән оқытушысы А.Сагинбекова 204 топпен «Тік белдемше» атты тақырыпқа ашық сабақ көрсетті. Студенттермен графикалық диктант,тығырықтан қалай шығамын ситуациялық сұрақтар қойып, кері байланыс жасады.

14 желтоқсан күні арнайы пән оқытушысы М.Оршабеков 213 топпен «Өндірістік санитария негіздері» атты тақырыпта сабақ өтті.Сабақты дәріс түрінде өткізді. Өндіріс кезінде болатын жарақаттар туралы нақты түсініктер берді.

15 желтоқсан күні арнайы пәндердің апталығының қорытындысы акт залда өткізілді. Апталықта белсенділік танытқан студенттер марапатталды.

«Өндірістік оқыту шеберлері» пәндерінің ӘБ жетекшісі А.Сагинбекова. ӘБ-те 21 педагог бар. ӘБ бойынша жоғары санатты-2, I санатты-4, II санатты-8, 1 –педагог- сарапшы, 3-жас маман бар. ӘБ педагогтары кесте бойынша ашық сабақтарын өткізді.

1-17 ақпан аралығында «Бүгінгі сапалы білім-ертеңгі кәсіби білікті маман» тақырыбында өндірістік оқыту шеберлерінің апталық жоспары бекітіліп, «Мамандықтың бәрі жақсы» атты тақырыпта апталықтың ашылуы болды.

2.02.2023ж П.Анарбаева «Шалбарға лекало жасау, қалта,сыдырма орындарын белгілеу» 204 топпен ашық сабақ өтті. Сабақта студенттер формасы, қауіпсіздігі, қажетті құрал-жабдықтармен толық қамтылған. Берілген тапсырмалар уақытында орындалып, кеткен кемшіліктер дер кезінде түзетіліп отырды.

3.02.2023 ж Б.Байтанаев 211 топпен «Ауылшаруашылық арнайы машиналарының қолданылуын көрсету» тақырыбына алаңда техникалалық қауіпсіздікті сақтай отырып, ашық сабақ өтті. Студенттер нұсқаулық бойынша барлық тапсырманы орындап шықты.

3.02.2023 ж Қ.Тазабеков 211 топпен «Ауылшаруашылық арнайы машиналарының қолданылуын көрсету» тақырыбына алаңда техникалалық қауіпсіздікті сақтай отырып, ашық сабақ өтті. Звено бойынша берілген тапсырмада тракторды оталдырып, жүргізіп, ақауын табу

тапсырмасын орындады.

6.02.2023ж Р.Қожан колледж оқытушыларына «Вагондардың түрлері» бойынша понорамалық сабақ көрсетті.

7.02.2023ж 2-3 курс студенттері арасында «Дәмді және тез» салаттар байқауы өткізілді.

8.02.2023ж Қ.Жасыбаева 205 топ студенттерімен «Қызыл бархат» тортына ашық сабақ өтті. Тортың шығу тарихын, студенттерді звеноға бөліп, қауіпсіздік ережесін сұрады. Нұсқаулық карта бойынша студенттер қызыл бархат тортын пісіріп шықты.

9.02.2023ж Шу Локомотив жөндеу зауытында өндірістік оқыту шебері Г.Сартова 213 топпен «Өрт сөндіру құралдары» тақырыбына ашық сабақ өтті. Өрт сөндіру вагонындағы өрт құралдарының, өртке қарсы тігілген арнайы киімдер т.б қолданылуын студенттер тәжірибе ретінде көрсете білді.

9.02.2023ж Шу Локомотив жөндеу зауытында өндірістік оқыту шебері Б.Мамеков 203 топпен «Тепловоздың жүріс бөлігі» (арба) тақырыбына ашық сабақ өтті. Сабақ барысында қауіпсіздік журналына қол қойылды, техникалық қауіпсіздік сақталды. Жүріс бөлігінің бөлшектері бөлшектеліп, қалай жүретіндігін студенттер біліп, арбаны жұмысқа қалай қосатындығын үйренді.

9.02.2023 ж Шу Локомотив жөндеу зауытында өндірістік оқыту шебері А.Оспанбеков 202 топпен «Электрмен дәнекерлеу жұмыстары» тақырыбына ашық сабақ өтті. Сабақ барысында қауіпсіздікті сақтай отырып, звено бойынша берілген дәнекерлеу жұмыстарын сәтті орындап шықты.

10.02.2023ж өндірістік оқыту шебері К.Устемирова 212 топпен «Қантты қамырдан өнімдер жасау» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақ барысында технологиялық нұсқаулық бойынша қантты қамырдан кекс, вафли пісірілді.

10.02.2023ж өндірістік оқыту шебері А.Оспанов 201 топпен «Автокөліктің электро жабдықтары туралы негізгі түсінік» тақырыбына ашық сабақ өтті. Сабақта студенттер электр жабдықтары туралы толық мағлұмат алып, трактордың электр жабдықтарын қосып, өшіріп, іске қосуды үйренді.

13.02.2023ж өндірістік оқыту шебері Е.Қондыбаев 211 топпен «Трактор құрылысымен танысу» тақырыбына ашық сабақ өтті. Звеноға бөлінген студенттер қауіпсіздікті сақтай отырып, трактордың бөлшектерін бөлшектер, толық құрылысымен таныстырып, тракторды оталдырып, айдап, шеберліктерін көрсетті.

14.02.2023ж өндірістік оқыту шебері Н.Мықтыбек 212 топпен «Ақуызды қайнатылған крем» тақырыбына ашық сабақ өтті. Сабақта қайнатылған кремнен түрлі өнімдердің түрлерін көрсетті. Нұсқаулық бойынша барлық тапсырма уақытылы орындалды.

15.02.2023ж өндірістік оқыту шебері Г.Мазабекова 214 топпен «Шаш үлгілері» тақырыбына ашық сабақ өтті. Сабақ барысында техникалық қауіпсіздік сұралды. Студенттер ерлердің, әйелдердің шаш үлгілерін атап, келген клиенттердің шаш үлгілерімен таныстырды. Сабақ барысында шаштараз бен клиенттің сөйлесу диалогына көрініс қойып, тамаша көңіл күй қалыптастырды. Сонымен қатар шашты жуу технологиясын көрсетті. Жұмыс орнында тазалықты сақтап, жан-жақты жинақтауды да ұмытпады.

16.02.2023ж өндірістік оқыту шебері Т.Омарова 215 топпен «Ашымалы қамырдан өнімдер дайындау» тақырыбына ашық сабақ өтті. Студенттерді 3 звеноға бөлді. Ашымалы қамырдан нұсқаулық карта бойынша студенттер түрік смитін, тәтті нан, нан себетін, тәтті пирог, етті пирог пісірді. Берілген тапсырмаларда техникалық қауіпсіздік толықтай сақталып, студенттер пісірген өнімдерін таныстырды.

16.02.2023ж Байрамова Халида мен Сагинбекова Айнура «Сән мен сымбат» атты тақырыпта сыныптан тыс іс-шара өтті. Аруларымыз тәжірибеде тіккен киім үлгілерімен таныстырды. Шаштараз мамандығының студенттері шаш өрімдерін көрсетсе, тігін мамандығының қыздары маникенде көйлек үлгілерін көрсетті.

Апталықтың қорытындысы ретінде өндірістік оқыту шеберлері студенттермен бірлесіп «Екі жұлдыз» байқауын ұйымдастырды. Байқау 2 кезеңде өтті. 1 кезеңде патриоттық ән шырқалып, 2 кезеңде сюжеттік, сахналық қойылым болды. Шеберлеріміздің өнеріне әділ бағасын беретін әділқазылар Жастар ресурстық орталығының маманы М.Шаймерден, Шу темір жол колледжінің арнайы пән оқытушысы Кашак Айдана, директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Айнура Жұмырбаева бағалап төмендегідей қорытындыға келді.

Бас жүлде: Жасыбаева Қундызай

1 орын- Ерден Қондыбаев

2 орын Сартова Гулнур

3 орын Қожан Рүстем, Мамеков Бектен иеленді. Алғыс хаттар және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

**Жас мамандарға бекітілген тәлімгерлер** 24.03.2023 жылы арнайы пән оқытушылары А.Сагинбекова мен Х.Байрамова жас мамандармен «Тиімді әдіс-тәсілдер сапалы сабақ кепілі» коучинг өткізді. Жас мамандарды инстаграмм, телеграм деп 2 топқа бөлді. Жас мамандармен психологиялық ахуалды жақсарту мақсатында «Шар жару» әдісін қолданды. Сұрақ-жауап арқылы олардың сабақта қандай әдістерді қолданатынын біліп, топтық жұмыстарды орындатып, кері байланыс орнатты. Оқу өндіріс шеберлері Қ.Жасыбаева мен Т.Омарова «Жас мамандарға тәлімгерлік көмек білім сапасын арттыру кепілі» бойынша Castlots.org праграммасы арқылы топтарды 2-3, 3-5 группаға бөлуге болатынын, студенттердің тізімін арластырып топқа бөлу, жеребе тартуға, тестің нұсқаларын бөлуге болатынын түсіндіріп, интернеттің көмегімен жас мамандарға орындатты. LearningApps.org бойынша қандай әдіс-тәсілдерді қолдануға болатынын, ішкі дизайн мен қандай қосымша функцияларды қолдана отырып, сабақты түрлендіре алатындарын айтты. Жұпты табу, классификация, хронологиялық кесте, мәтінмен жұмыс, суреттердің сәйкестігі, викториналық сұрақтар, аудио және видео контент, миллион кімге бұйырады, сөзжұмбақ т.б көптеген нұсқаларды көрсетті. Қорытындысы ретінде жас мамандармен «Миллион кімге бұйырады» ойынын ойнады.

27.03.2023 жылы физика пәнінің оқытушысы Ш.Рахимбаева 22/2 топпен «Гюйгенс принциптері» тақырыбына ашық сабақ көрсетті. Сабақ барысында өзінің пайдаланатын әдіс-тәсілдерін, сабақ барысында студенттермен қарым-қатынас қалай жасалу керектігін және тәжірибені жасағанда қандай қауіпсіздікті сақтау керектігін көрсетті. Сабаққа қатысқан студенттерді бағалауда академиялық дербестікті қалай жүзеге асыруға болатынын көрсетті.

Бекітілген жоспарға сай ашық сабақтар, сыныптан тыс іс – шаралар өткізілді. Көптеген педагогтар жаңа инновациялық технологияларды тиімді қолдана білді.

24 сәуір жас мамандар «Жас келсе іске..» атты тақырыпта апталықтары басталды. Әдіскер С.Шаймаханова биылғы жас мамандардың мақала, семинар, біліктілікті арттыру курстары мен т.б жеке жеке тоқталып өтті. Ашық сабақтарына сәттілік тіледі.

25.04.23 ж өндірістік оқыту шебері 204 топпен «Заманауи қыздардың ұлттық тақиясы» атты тақырыпта қызбалалардың тақиясын тікті. Тақияның шығу тарихына, жас ерекшеліктері бойынша қанша топқа бөлінетінін, әшекейленуі мен безендіру үшін қолданылатын тастар, түрлі әшекей бұйымдар қолданылуға болатынын көрсетті.

25.04.23 ж математика пәнінің оқытушысы Бақтораз Асел 22/3, 22/4, 226 топтармен «Математика – ақыл-ойдың, мәңгілік шұғыласы» атты тақырыпта интеллектуалды сайыс өткізді. Топтар Болашақ, Қыран, Асыл тас болып өз ұрандарын айтты. Зымыран сұрақтарға жауап берді. Кім шапшаң бөлімінде есептер шығарса, Полилот бөлімінде жұмбақтардың жауабын тауып, 3 тілде айтты. «Ғажайып үштікте» Сандар сырына саяхат, Логикалық есептерге саяхат, Қазақтың байырғы есептеріне асяхат бойынша есептер шығарды. Математикалық мақал-мәтелдерді жалғастырды. «Бірлесіп көтерген жүк жеңіл» бөлімінде топтар координаторлар бойынша сурет салды. 7 турдан тұратын сайыста «Болашақ» тобы жеңіске жетті.

26.04.23 ж өндірістік оқыту шебері Гулмира Мазабекова 206 топпен «Өндірістік тәжірибеде сушуарды пайдалану» тақырыбында тәжірибелік сабақ көрсетті. Тәжірибеде сушуарды пайдалануда техникалық қауіпсіздік, қалай қолдану мен шашты әсемдеуде қалай қолданатынын көрсетті.

26.04.23 Асаинов Багдат 22/5 топпен «Еgov- электронды үкімет порталы» тақырыбында ашық сабақ көрсетті. Сабақ барысында Миға шабуыл, Кинометафора, жеке және топтық жұмыстарды жасатты. Сабақта «Көз жаттығулары» бойынша сергіту жаттығуларын жасатты. Сабақты барабан әдісімен аяқтады.

26.04.23 ж өндірістік оқыту шебері Бухаева Толғанай 212 топпен «Үгілмелі қамырдан өнімдер дайындау» бойынша Сметанник пирогы мен үгілмелі қамырдан печенье пісірді. Сабақ барысында барлық техникалық қауіпсіздік сақталды.

26.04.23 ж өндірістік оқыту шебері Назерке Мықтыбек 215 топпен «Қатпарлы қамырдан жасалған өнімдер» бойынша қатпарлы қамырдың жасалау технологиясын студенттермен бірігіп жасады. Сабақта қатпарлы қамырға пайдаланылатын майлар, ашықты түрлерін және температурасы бойынша барлық нұсқаулықты технологиялық карта бойынша жасап, техникалық қауіпсіздік талапқа сай сақталды.

Сыныптан тыс іс-шаралар, әр түрлі жарыстар, байқаулар, дебаттар арқылы студенттерге сапалы білім, саналы тәрбие берілді.

Компьютерлік кабинеттер оқытудың техникалық құралдарымен жабдықталған және ақпараттық бағдарламалармен қамтамасыз етілген.

Лекциялық сабақтарды өткізуде педагогтар мамандықтары бойынша негізгі әдебиеттермен қоса ғылыми әдебиеттер мен анықтамалықтарды, қосымша оқу әдебиеттерін, баспасөз материалдарын, интернет жүйесі арқылы алған материалдарын пайдалануда. Лекция жинақтары электронды түрде жинақталуда.

Тәжірибелік сабақтарда кәсіби жағдайлардың нақтылығы кеңінен қолданылады. Сызбалар, кестелер және бейнебаян материалдары пайдалануда.

Колледж оқытушылары дәрістің (сабақ) мына типтерін қолданып өткізуде:

- Аралас сабақ
- Жаңа сабақты ( дәрісті ) хабарлау
- Алған білімді жинақтау және бекіту сабағы
- Модульдік оқыту б/ша сабақ жоспары

Сабақтардың сапасын директордың орынбасарлары, әдіскер, әдістемелік бірлестік жеткешілері мен педагогтары жоспарға сәйкес кесте бойынша бір-бірінің сабақтарына және ашық сабақтарына қатысады. Әдістемелік бірлестіктерде пәндер бойынша сабақ беру барысы, сапасы, топтардың үлгерімі, педагогтардың шығармашылық жұмыстары, ашық сабақтардың нәтижелері және т.б. жұмыстар талқыланады.

Кейбір педагогтар сабақ жоспарларының құрылымын толық аша білуі керек, өзара сабаққа көбірек қатысып, тәжірибе алмасу керек.

Колледжде әрбір пәннен ашық сабақтарды өткізудің кестесі құрылып, кесте бойынша сабақтар өткізілді.

| № | Іс-шара  | Орындау мерзімі     | Индикаторлар/<br>соңғы нәтиже            | жауаптылар     |
|---|--|---------------------|--|----------------|
| 1 | «Жалпы пәндер» апталығы                          | 10.10-25.10.2022ж.  | Атқарылған іс-шаралардың есебі,хаттамасы | Ш.Рахимбаева   |
| 2 | «Арнайы пәндер» апталығы                         | 05.12-15.12. 2022ж. | Атқарылған іс-шаралардың есебі,хаттамасы | Т.Кульжанисов  |
| 3 | «Өндірістік оқыту шеберлері» пәндерінің апталығы | 01.02-17.02.2023ж   | Атқарылған іс-шаралардың есебі,хаттамасы | А.Сагинбекова  |
| 4 | «Тәлімгерлер» апталығы                           | 24-27.03.2023       | Атқарылған іс-шаралардың есебі,хаттамасы | ӘБ жетекшілері |
| 5 | «Жас мамандар» апталығы                          | 24-26.04.2023       | Атқарылған іс-шаралардың есебі,хаттамасы | ӘБ жетекшілері |

Колледж педагогтері мен студенттері Республикалық «Тағылым» журналы наурыз айы бойынша «Үздік мақала» номинациясына 23 педагог -1 орын, ал сәуір айында 28 педагог 1-орынды иеленді.Республикалық ұстаздар арасындағы «Үздік педагог-2023» байқауында 2 оқытушы 1 орын алды. «QAZAQ BILIMI» журналы ұйымдастырған «Үздік мақала» номинациясы бойынша 3 оқытушы 1 орын жүлдегері атанды. Халықаралық «Өрлеу-өркендеу» журналының ұйымдастыруымен өткізілген «Үздік педагог» байқауында 9 оқытушы 1 орын иегері болды.

Ал студенттер арасында 84 студент түрлі марапаттармен марапатталды. Халықаралық «Өрлеу-өркендеу» журналының ұйымдастыруымен өткізілген «Жас зерттеуші» ғылыми жобасында 9 студент 1 орынды иеленді. Республикалық «Тағылым» журналы «Үздік мақала»

номинациясы бойынша 28 студент 1 орын алды. Жамбыл облысының студенттері арасындағы Жеңіл атлетика спорт түрінен Бейсен Темирлан 1 орын алды. О.Бөкейдің 80 жылдығына арналған «Өнерге өлердей-ақ ғашық едім» ІІ облыстық проза оқу байқауында Бейсен Еркеайым 3 орын иеленді. Қаратау құрылыс-техникалық колледжі КМҚК 60 жылдығына арналған техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарының студенттері арасында Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану атты облыстық онлайн-олимпиада қорытындысында Жумағали Мирас Мерекеұлы ІІІ орын алды. Батыр Аменгелді Имановтың 150 жылдығына орай волейбол спорт түрінен қыздар арасында Балғабай Мадина, Бейсен Еркеайым, Ермаханбет Іңкәр, Жанболатқызы Жайна, Мереке Мадина, Сейітқұл Насихат және қазақ күресінен ұлдар арасында 74 кг салмақ дәрежесінде Қасым Нұрдаулет 3 орынды иеленді. Облыстық «WorldSkills-2023» 1 студент 3 орынды иеленді.

2022 Халықаралық «Altyn bilim kilty» журналына Устаева Зауре мен Самбетбаев Бахытжанның мақаласы жарияланды. 2022 жылы Республикалық «Жаңашыл педагог мінбері» атты журналға Устаева Зауре мақала жариялады. 23 желтоқсан 2022 жылы Шымкент қаласының білім басқармасының ұйымдастыруымен өткізілген «Техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың тенденциялары мен перспективалары» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағына С.Шаймаханованың мақаласы шықты. Республикалық «Тағылым» журналына 23 оқытушының мақаласы, «Қазақ білімі» ғылыми-әдістемелік журналына 3 оқытушының мақаласы, «Қазақстан ұстазы» журналына 3 оқытушының мақаласы, «Құзыретті педагог» журналына 6 оқытушының мақаласы, «Үздік ұстаз» журналына 2 оқытушының мақаласы, облыстық «Озық сабақ» журналына 5 оқытушының мақаласы жарияланды. Қорытындысы бойынша 2022-2023 жылы 46 педагогтың мақаласы түрлі журналдарға жарияланды.

2023 оқу жылы Республикалық «Жарқын болашақ» журналына 2 студент, республикалық «Тағылым» журналына 28 студенттің мақаласы жарияланды.

Оқу өндіріс шеберлері мен арнайы пән оқытушылары «Talar» КЕАҚ пен жалпы пән оқытушылары Педагогикалық шеберлік орталықтарынан біліктілік арттыру курстарынан өтуде.

### 3. АҚПАРАТТЫҚ – КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

#### 3.1. Оқу орнындағы компьютерлер және оргтехникалар туралы жалпы мәлімет

| № | Техниканың атауы             | Саны      |
|---|------------------------------|-----------|
| 1 | <b>Компьютер</b>             |           |
|   | Әкімшілік                    | 6         |
|   | Кітапхана                    | 1         |
|   | Жатақхана                    | 1         |
|   | Egov қызмет көрсету орталығы | 1         |
|   | Оқу процесінде               | 42        |
|   | <b>Барлығы</b>               | <b>51</b> |
| 2 | Ноутбук                      | 5         |
| 3 | Моноблок                     | 10        |
| 4 | Проекторлар саны             | 2         |
| 5 | Интерактивті тақталар саны   | 2         |
| 6 | Экран                        | 1         |
| 7 | Принтер ч/б                  | 3         |
| 8 | Принтер 3/1                  | 1         |

**Интернет желісіне біріктірілген компьютерлер саны**



Колледжде келісім шарт бойынша 40 мб/с жылдамдықпен интернет желісі жұмыс жасайды. Алайда күнделікті 25мб/с-30мб/с аралығында жылдамдықта болады. Интернет желісі кабельмен және wi-fi қондырғылары арқылы таратылады. 2 қабатта 4 wi-fi роутер орнатылған. Әкімшілік қызметкерлері толық интернетпен қамтамасыз етілген.

### Оқу кабинеттерінің интернетпен қамтылуы

| № | Аудитория          | Компьютер саны |
|---|--------------------|----------------|
| 1 | Информатика        | 15             |
| 2 | Физика             | 15             |
| 3 | Арнайы пән кабинет | 10             |
| 4 | Кітапхана          | 1              |
| 5 | Жатақхана          | 1              |

### 3.2. Ақпараттық технологияларды оқу үрдісінде қолдануы

Ақпараттық технологияларды оқу үрдісінде оқытушылар жиі қолдананады. Соның ішінде цифрлық оқу ресурстарын, электрондық тестілеу жүйесін, презентациялар, видео роликтерді, аудио жазбаларды, электрондық оқулықтарды білімгерлердің қызығушылығы мен сабаққа деген ынтасын арттыруда тиімді пайдаланылады.



2022-2023 оқу жылының желтоқсан айында колледж оқытушыларына оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану мақсатында семинар мастер-класс өткізді.

Жаңа коммуникациялық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты-студенттердің оқу материалдарын толық меңгеруі үшін оқу материалдарының практикалық жағынан тиімді ұсынылуына мүмкіндік беру. Бұл мақсаттарға жету жолында электрондық оқулықтар, тексеру программалары, оқыту программалары сияқты программалық өнімдер қызмет етеді. Ақпараттық технологияның тиімділігі – студенттердің білім олқылықтарына үнемі зерттеу жасап, түзету жұмыстарын жүргізуге пайдасы бар екендігі анықталды. Қазіргі заманның даму қарқыны оқытушылар шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді.

### 3.3. Оқу орнының және [shukollege2021.edupage.org](http://shukollege2021.edupage.org) сайтының жұмысы

**shukollege2021.edupage.org** сайтының 2021 жылдың 1 мамырдан бастап тұрақты жұмыс істеп тұр. Колледж оқытушыларының тізімі, студенттердің толық тізімі, оқытылатын пәндер мен іс-тәжірибелер толық енгізілген. Сабақ кестесі енгізілген және оқу үрдісіне сай өзгертіліп отырады. Барлық оқытушылар сабақ барысында білімгерлер алған бағалары, қорытынды бағалары, іс-тәжірибеден алған бағалары қойылып отырады.





Оқытушылардың оқу-әдістемелік кешенін порталға салу және оны толықтыру бойынша мәлімет

